

ҚАЛАҒА БЕРГІСІЗ АУЫЛ



Үкімет басшысының орынбасары Серік Жұманғарин таяуда Родина ауылында болып, Ақмола облысының аграршыларымен кездесті

Өткен аптаның соңында вице-премьер Серік Жұманғарин Целиноград ауданындағы «Родина» Агрофирмасы ЖШС-де жұмыс сапарымен болды.

«Қалаға бергісіз ауыл» тұжырымдамасын іс жүзінде жүзеге асырумен әйгілі болған «Родина» Агрофирмасы бірегей экожүйесі қалыптасқан кәсіпорын. Мұнда сүт өнімдерін өндірудің толық циклі жолға қойылған, күніне 80-90 тонна сүт өндіріледі. Балғын табиғи сүтке жыл бойы қол жетімді. Екі мыңға жуық адам тұратын ауылда қала тұрсымына тән



инфрақұрылымның барлығы бар: жайлы үйлер, кен көшелер, демалыс саябағы, қос баға белгілері бар супермаркет (ауылдағы қызметкерлер мен келушілер үшін), сұлулық салоны, мейрамхана, шағын дәмхана, фитнес салоны, жел генераторлары және т.б. нысандар жұртшылық игілігіне берілген. Балабақшадағы балалар мен мектеп оқушылары тегін тамақтанады. Сүт зауытының жұмысшыларының орташа жалақысы 330 мың теңгені құрайды. Кәсіпорын өнімнің негізгі бөлігін елорда нарығына жеткізеді.

Қазіргі таңда агрофирмада ауқымы 2,9 мың шаршы метр болатын сүт фермасы салынуда. Бұл сүт өндірісін екі есеге арттыруға мүмкіндік береді.

Өзінің жұмыс сапары кезінде вице-премьер Серік Жұманғаринге облыстағы көктемгі егіс жұмыстарының барысы және шегірткеге қарсы жерді өңдеу шаралары туралы баяндалды. Ол сондай-ақ, Ақмола облысының ірі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерімен де кездесті.



Кездесуде фермерлер өз қажеттіліктері үшін инертті материалдарды сатып алудың қиындығы туралы мәселе көтерді, ол үшін арнайы рұқсат алу қажет екен. Лауазымды мейманға оларды сатып алу тәртібін жеңілдету мүмкін бе деген сұрақ қойылды.

Серік Жұманғарин бұл мәселені келесі аптада өнеркәсіп және құрылыс министрлігі өкілдерінің қатысуымен өтетін кеңесте қарауды тапсырды.

Фермерлер сонымен қатар тиімді және ұтымды пайдалану қағидатын сақтай отырып, ауылшаруашылық жерлерінің максималды көлемін ұлғайтуды қайта қарауды сұрады. Сондай-ақ, ірі ауыл шаруашылығы өндірушілері мен шаруа қожалықтары арасындағы жер салығы мөлшеріндегі үлкен айырмашылық проблемасы да сөз болды. Бұл ретте олардың тыңайтқыштарды, техниканы және т. б. субсидияларды бірдей алатындығын айта кету керек. Фермерлер сонымен қатар халықаралық тәжірибе негізінде субсидиялар алу үшін стандарттарды әзірлеу қажеттігін атап өтті.

Р. ҚАДІРЖАН, өз тілшіміз.

Родина.

Esil-Nura

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, жарнамалық басылым



2024 жыл 13 маусым бейсенбі № 21 (372)

■ Жайлы мектеп

ЖҰМЫС САПАСЫ БАСТЫ НАЗАРДА



Облыс әкімі Марат Ахметжанов Целиноград ауданына жасаған жұмыс сапары барысында Талапкер ауылындағы 1200 орындық мектептің құрылыс алаңында болып, жасанды су жіберетін каналдың жай-күйімен танысты.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» жобасы аясында Целиноград ауданында жаңадан 7 мектеп салынатын болады. Талапкер ауылында қазірде екі білім шаңырағының құрылысы жүргізілуде. Мектеп гимназиясы мен ІТ мектеп-лицейінің құрылысын «К.Г.С. САУДА» ЖШС мердігерлік компаниясы жүргізуде.

ЖШС-нің өкілі Жәнібек Ғалиасқаровтың айтуынша, бүгінде құрылыс-монтаж, қасбетті әрлеу, ішкі сылақ-сырлау жұмыстары аяқталып қалған, сондай-ақ инженерлік-инфрақұрылымдарды тарту жұмыстары қолға алынған. Құрылысқа қазақстандық материалдар қолданылуда. Қазірде ғимараттың маңайын сәулеттендіру мен сыртқы жүйелер жұмыстары да басталған.

Аймақ басшысы құрылыстың барысымен таныса келе ең бастысы жұмысты мерзімінде аяқтап, сапаға назар аудару керектігін айтып өтті.

«Аталған жобаның ерекшелігі зор. Аталған мектепті пайдалануға беру арқылы біз ауысым мәселесін

оңтайлы шешеміз. Мектеп заманауи технологиямен, материалдық-техникалық базасымен ерекшеленбек. Балалар жайлы мектепте жайлы жағдайда оқитын болады. Ең бастысы - ауыл оқушылары Астанаға бармай-ақ, осы елді мекендегі мектепте білім алады. Осыған сәйкес ауыл адамдары үшін де жұмыс орындары ашылады», деп атап өтті облыс басшысы.


Сондай-ақ өңір басшысы осы іске мүдделі мемлекеттік органдарға мектеп құрылысының барысына қатаң бақылау жасауды тапсырды. Бұл ретте барлық жұмыстардың жоғары стандарттарға сай әрі белгіленген мерзімде аяқталуына күш салып, маңызды нысандардың сапалы болуына мән беру керек екендігін тілге тиек етті.

Осыдан кейін Марат Ахметжанов Талапкер ауылының маңындағы су жіберетін жасанды каналдың жағдайын көрді.

Таяу арада бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында «К.Г.С.САУДА» ЖШС инертті материалдар төсеп, каналды нығайту жұмыстарын бастамақ. Бұл өз кезегінде елді мекендегі үйлерді көктемде су басу қаупінен сақтайтын болады.

Т. САНСЫЗБАЙҰЛЫ, өз тілшіміз.

Талапкер.



■ **Топжарған**

БАҒЫ ЖАНҒАН БАПКЕР

«Бапкердің еңбегі, төккен тері шәкірттерінің жетістіктерімен өлшенеді» деген сөз бар. Ауданымызға қарасты Қараөткел ауылында тұратын білікті бапкер Сұлтан Нұрбол осындай бірегей азаматтардың бірі.

Ол осындағы мектеп-гимназияда ұстаздық етеді әрі бапкерлік қызметте. Алдынан тәлім алған спортқа бейім шәкірттері қазірде көптеген байрақты бәсекелерде топ жарып, жүлдегерлер қатарынан көрініп жүр.

Сұлтан Нұрбол 1976 жылы Моңғолиядағы Баян Өлгей аймағында дүниеге келген. Осыдан 25 жыл бұрын атажұрты Қазақстанға, дәлірек айтқанда Ақмола облысы, Целиноград ауданының Қараөткел елді мекеніне

қоныс аударған. Содан бері ауылдағы талантты деген жас балуандарды баптауда. Кезінде С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде білім алған. Өзінің айтуынша, бала кезінен күреспен шындап айналысқан екен. Боз кілемнің шаңын қағып, талай мәрте қарсыластарының жауырынын жер иіскеткен. Қазақша күрес пен Белбеу күресінен спорт шебері. Азия, Еуропа біріншіліктерінде бірнеше рет жүлделі орындарды иеленген.

Жуырда, яғни маусым айының 1-5 жұлдызы аралығында Ақмола облысының Шучье қаласында қазақша және дзюдо күресінен өткен жастар арасындағы Қазақстан чемпионатында өзінің төл шәкірті әрі ұлы Сұлтан Абай Нұрболұлы жарыс тұғырының ең биік сатысынан көрінді. Жас балуан еліміздің әр аймағынан келген тұрғыластарының бәрінен басым түсіп, алтын медаль мен алтын белбеуді жеңіп алды. Және спорт шебері деген құрметті атақты иеленді. Мұны жас спортшының зор жетістігі деп айтуға болады.

– Ұлым Абайды жас кезінен өзім жаттықтырып келемін. Чемпиондық жолға түсудің оңай емес екендігін әркез құлағына құйып отырамын. Жігер бар жерде жеңіс бар. Жеңіс тек төккен тер мен еңбекқорлықтың арқасында келеді. Сондықтан болар жаттығудан ешқашан қалмайды. Бұл жолғы жеңістің осындай еңбекқорлық пен қажырлылықтың арқасында келгені жасырын емес. Қазіргі кезде Абай Алматыдағы олимпиадаға спортшылар даярлайтын дарынды жастардың дзюдо академиясында білім алуда. Алла жазса биыл бітіріп шығады» – дейді қуанышы қойнына сыймай тұрған Нұрбол Сұлтан.

Білікті бапкер өзінің дарынды шәкірттерін мақтаныш етеді. Мәселен, жоғарыда сөз болған өзінің ұлы Сұлтан Абай мен Қайырбеков Айсұлтан Қазақстан Республикасының чемпионы атағын жеңіп алған. Бақытқан Токтаған мен Харағыз Абай облыстық чемпионаттарда топ жарған өрендер. Көптеген шәкірттері еліміздің түкпір-түкпіріндегі арнайы спорт мектептерінде оқып жүр. Солардың бірі Ғибадат Шамұрат боз кілемнің шаңын қағып жүрген саңлақ спортшы.

– Негізінен балуандық өнер, күш өнері ата-бабамыздан бойымызға біткен қасиет деп айтсақ та болады. Арғы атамыз, яғни әкеміздің әкесі Шөде деген кісі екі иығына екі кісі мінгендей алып адам болса керек. Шегірттай деген жерде тұрыпты. Дөнен өгізді иығына салып алып еш қиналмастан жүре береді екен. Ауылдастары мен тамыр-таныстарының арасындағы: «Көрген жерде көде бар, Шегірттайда Шөде бар» деген сөзі аңызға айналып кетсе керек.

Нұрболдың «Күш өнері арғы атамыздан дарыған қасиет» деген сөзінің жаны бар. Оның туысқан ағайының ұлы Бекбол Нұрланұлы да қазақша күрестен әлемнің төрт дүркін жеңімпазы болған, «Ақмола облысының барысы» турнирінде бірнеше рет топ жарған.

Ал биылғы жастар арасындағы чемпионатта 74 келі



салмақта алтын медальді жеңіп алған Сұлтан Абай Нұрболұлы күреске бірінші сыныптан бастап қатысып келеді екен. №1 Қараөткел орта мектебінде талантты бапкер Қуантай Махановтың қоластында 4 сыныпқа дейін жаттығып, кейін әкесі Нұрбол Сұлтанның қарамағына келген. Содан бері аудандық, облыстық, республикалық турнирлерде жеңіс тұғырының ең биік сатысынан көрініп, Қараөткел ауылының, Целиноград ауданының, қала берді Ақмола облысының абыройын асқататып жүр.

Жігер жеңіске бастайды дегендей, енді міне, Шучье қаласында жалауын көтерген ел біріншілігінде топ жарып, жастар арасында чемпиондық атаққа қол жеткізді.

Болашақ чемпиондар әрине, аспаннан салбырап түспейді. Қара күшке мығым, білекті балалар негізінен ауылдық жерлерден шығады. Сұлтан Абай Нұрболұлының жетістігі осы сөзімізге айқын дәлел.

Атадан жалғасқан өнерді серік етіп, қазақ күресінің өркендеуіне ат салысып келе жатқан білікті бапкер Сұлтан Нұрбол мен оның дарынды шәкірттерінің алар асулары алда деп білеміз.

Т. ТӘШКЕЕВ, өз тілшіміз.

Қараөткел.

Суреттерде: бапкер Сұлтан Нұрбол; жастар арасындағы Қазақстан чемпионы ұлы Абай Нұрболұлымен бірге; Сұлтан Нұрбол шәкірттерінің арасында.



ҰРПАҚ ҰМЫТПАСЫН ДЕСЕК ...



«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі жастарды рухани-адамгершілік, әскери-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруды жалғастыруда. Биыл бұл шаралар Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, армия генералы С.Нұрмағамбетовтың 100 жылдығы және Халық Қаһарманы Р.Қошқарбаевтың 100 жылдығын мерекелеу аясында өтуде.

«Қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғыс майдандарындағы ерлігі» тақырыбындағы «Батыр баба тарих» викторинасы 2024 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында өтті. Жарысқа 30 команда қатысты. Зияткерлік ойынның финалына «Көлік және коммуникациялар жоғары колледжі», «Астана халықаралық университетінің педагогикалық колледжі», З.Г.Мырзағұлова атындағы жоғары «Даналық» медициналық колледжі, «М.Жұмабаев атындағы халықаралық колледж», «Шипагер» медициналық колледжі, «Сервис және туризм колледжі» командалары шықты.

Викторинаның финалы 2024 жылдың 26 сәуірінде өтіп, онда колледж студенттері өз командаларына белсенді қолдау көрсетті. Зияткерлік ойынның жеңімпаздары кубоктармен, құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Atamnyn Amanaty» ұйымының атына мұндай викторинаны өткізу қажеттілігі туралы жастардан да, колледж оқытушыларынан да көптеген оң пікірлер мен ұсыныстар келіп түсті.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 22 мамырында Астана қаласындағы Достық үйінде «Аталар аманатына адалмыз» атты дөңгелек үстел өткізілді. Оған аты аңызға айналған батырлардың ұрпақтары – Лира Нұрмағамбетова мен Дәурен Қошқарбаев, белгілі ғалымдар мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілдері қатысты.

Орта арнаулы оқу орындары мен «Атамның аманаты» қоғамдық ұйымы арасында жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу бойынша қол қойылған меморандумға сәйкес, 2022-2024 оқу жылында белсенді қызмет атқарған колледждер Кеңес Одағының Батыры – қазақстандықтардың ерліктері туралы баяндамалар дайындады.

Бұл шара ұрпақ сабақтастықтығының символына айналып, жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайта түскеніне сенімдіміз.

Астанадағы Тriaтлон паркте өткен 5 және 10 шақырымдық жарыс Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, тұңғыш қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов пен Халық Қаһарманы Рахым-



жан Қошқарбаевтың жүз жылдық мерейтойы аясындағы бір айтулы шара болды.

Жарыс «Atamnyn Amanaty» ҚБ мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің ұйытқы болуымен ұйымдастырылды.

Оған Қарулы Күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Ұлттық ұланның мыңға жуық әскери қызметшілері мен төрт жүзден астам кәсіби желаяқтар мен спорт әуесқойлары қатысты.

Марафонға қатысушыларды «Қарулы Күштер ардагерлері» РКБ төрағасының орынбасары, отставкадағы генерал-майор Марат Нағұманов құттықтады:

– Спорттық шараларды атақты жауынгерлерді еске алу жақсы дәстүрге айналды. Өткен жылы тура осы жерде екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, авиация генерал-майоры Талғат Бигелдиновке арналған жарыс өткен еді. Бүгінгі жарыс аты аңызға айналған батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың жүз жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Осы аламанға қатысу – олардың ғасырлар бойы жасай беретін ерліктеріне деген тағзым мен құрмет.

Сондай-ақ, 2024 жылдың 31 мамырында біздің бірлестігіміз Қазақстан Республикасы Құрлық әскерлерінің Ақмола гарнизонында орналасқан 68655 әскери бөлімінде елордалық студенттерге арналған «Ашық есік күнін» ұйымдастырды. Онда болашақ Отан қорғаушылар сарбаздардың тұрмыс жағдайын өз көздерімен көрді, салтанатты әскери ант қабылдауға куә болып, қару-жарак пен әскери техника түрлерімен танысты.

Бұл іс-шара жастар арасында әскери қызмет мәртебесін көтеруге, патриоттық сезімдерін дамытуға ықпал етті деп ойлаймыз.

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі.



САЙЛАУ — 2024

Целиноград ауданының Тасты ауылдық округі әкімінің сайлауын 2024 жылғы 21 шілдеге тағайындау туралы ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-1 бабына, сәйкес Целиноград аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 12 маусымдағы № 29/2 «Целиноград ауданы Тасты ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы» қаулысына сәйкес 2024 жылдың 21 шілдеге Тасты ауылдық округі әкімінің сайлауы тағайындалды.

Сонымен қатар, Тасты ауылдық округі әкімінің сайлауын дайындау және өткізу туралы негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары бекітілген, ол аудандық аумақтық сайлау комиссиясының әкімдігінің интернет-парақшасында орналастырылды.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Целиноград ауданы Тасты ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі сайлау округінің шекарасын құру, аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері мен құрамы туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 13-бабының 4 тармағына, 14-бабының 6) тармақшасына, 21-бабының 4 тармағына 22-бабына, Целиноград аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 12 маусымда № 29/1 Целиноград ауданы Тасты ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі сайлау округін құру туралы» қаулысына сәйкес, Тасты ауылдық округінің шекарасында ауыл әкімдерінің сайлау бойынша сайлау округінің құрылғаны туралы хабарлаймыз.

Целиноград аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Орналасқан жері: Ақмол ауылы, учетный квартал, 019, тел. 8-71651-30-006

Төрағасы - Маулиев Қайрат Маулиұлы;

Төрағаның орынбасары - Аманжолова Жайнагуль Сергеевна;

Хатшы - Айтқожина Әсел Алпамысқызы;

Комиссия мүшелері - Әлімбаев Қайрат Әділханұлы, Зекен Заманбек Қайырғелдыұлы, Рақымбек Аятолла Жұмақанұлы, Хусаинова Гүлзана Орынбайқызы.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.



e-Otinish

Е-otinish платформасы арқылы мемлекеттік органдарға ресми өтініш бере аласыз

Құрметті Целиноград ауданының тұрғындары!

Азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгіну рәсімдерін барынша жеңілдетуге және олардың қаралуын бақылауды жетілдіруге арналған «Е-өтініш» ақпараттық жүйесі жұмыс істеп тұрғанын еске саламыз.

Сіз «е-Өтініш» ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік органдарға (әкімдіктер, министрліктер, комитеттер, агенттіктер және басқа да мекемелерге) кезексіз және бюрократиялық кідіріссіз өз өтінішіңізді бере аласыз (Мемлекеттік органдарға ресми өтініш беріңіз | eOtinish).

Ол үшін:

1. Кез келген қолжетімді авторизация әдісін пайдаланып жүйеге кіріңіз;
2. Өтінішті толтырыңыз;
3. Өтінішке қол қойыңыз;
4. Орындалуын қадағалаңыз.

"Азаматтарға арналған үкімет" МК.

ӘНШІ ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ ТУРАЛЫ ШЫНДЫҚ

Әміренің жансыз денесі 1934 жылғы қарашаның 5-нен 6-сына қараған түнде Алматы көшелерінің бірінде табылғанымен, бұл өлімге қатысы бар адамдар әлі күнге белгісіз.

Әміре Париж бен Майндағы Франкфурттен басқа Страсбург қаласында, Ресейдің Иркутск, Әзербайжанның Баку қаласында сапарда болып, ән айтты деген құжаттар табылып отыр. Осы аталғандар шындыққа жанасса, баба шығармашылығының жаңа қырлары ашылары сөзсіз.

ҰҚК-нің отставкадағы полковнигі Әмірхан Бәкірұлы мұрағаттан тапқан Әміре Қашаубаевтың 1927 жылғы 6 маусым күні басқармаға шақыртылып, тергеушілер алдында берген жауабын келтіре кетейік. «...1925 жылы маусым немесе шілде айының бірінде мен барлық ұлттық республикалардан жиналған 14 актермен бірге Парижге бардым. Барған бойда “Дория” отеліне орналастым. Екінші күні қонақ үйге Мұстафа Шокаев келіп, менімен әңгімелесті. Ол Қазақстанда болып жатқан жағдайларды сұрады. Арасында: “Үкімет басында кімдер тұр? Қазақтар бар ма?” деген сауалдар да қойды. Мен “бар” деп жауап бердім. Бірақ, олардың кімдер екенін айтқаным жоқ, ол да менен сұраған жоқ. Сосын ол менің білімімді сұрады. Мен оған “ешқандай білімім жоқ” деп жауап бердім. Әңгіме үстінде ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың хал-жағдайларын және немен айналысып жүргендерін сұрады. Мен: “Байтұрсынов Қызылордада мұғалім, ал Дулатов әдебиетпен айналысып жүр”, дедім...

Тағы бір жолы Мұстафа Шокаев мейманханаға келіп, актерлердің бәрін ресторанда қонаққа шақырды. Бірақ, актерлер әр түрлі себептерді сылтау етіп, ресторанда барудан бас тартты. Онымен бірге ресторанда тек мен ғана бардым. Ресторанға барған соң ол екі саптыаяқ сыра сатып алды. Екеуіміз небәрі он бес минуттей бірге болып тарайдық. Кетерінде ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа сәлем айта бар деп өтініш білдірді. Сөйтіп, өз қолымен менің қойын кітапшама олардың аты-жөндерін қазақша лап жазып берді. Парижден Қызылордаға келген соң мен Дулатов пен Байтұрсыновқа бірнеше рет жолықтым. Оларға Мұстафа Шокаевтың жолдаған сәлемін жеткіздім. Екеуі де оның шетелдегі хал-жағдайын, өмір сүруге қаражатты қайдан алып жатқанын сұрады. Мен Мұстафа Шокаевтың Париждегі француз және орыс баспаларында қызмет атқарып жүргенін айттым. Бірақ оларға Мұстафаның хатын көрсеткен жоқпын, ұмытып кетіппін. Кейіннен кітапшам із-түзсіз жоғалып кетті, іздеп таба алмадым. Бұл хатпен бұрын Қызылорда қаласында “Еңбекші қазақ” газетінің қызметкерлері А.Елшібаев пен оның екі жолдасы танысқан. Соңғы екеуінің аты-жөндерін білмеймін...”

Осылайша Әміреден сан рет қолхат алынады. Сан рет үйін тінтіпті. Сан рет соққыға жығылты. Сан рет қорқытып үрейлендіріпті. Сол тұста Әміре жайлы жазуға да шектеу қойылыпты. Солай бола тұра там-тұмдап болса да «Қазақ әдебиеті» газеті беттерінде сағыныштың сазын жеткізгендей Ж.Шаниннің «Әнші Әміре», Қ.Қуанышбаевтың «Әміренің қасиеттері» және «Қазақстанская правда» газетіндегі С.Сейфуллиннің «Әмірені жоқтау» тәрізді бірді-екілі мақалалар 1934-1935 жылдарда жарық көрді.

Әміре жайлы мақалалар негізінен алдында айтқанымыздай кешеуілдеп барып 40-50-ші жылдардан бастап молынан жариялана бастады. М.Әуезов, Н.Анов, С.Мұқанов, С.Бегалин, А.Жұбанов, Қ.Мұхаметханов, Р.Нұрғалиев, Х.Хабиев әнші шығармашылығын ұрпаққа жеткізу бағытында көз көргендері мен естеліктерін баспасөз беттерінде ортаға салды. Алайда, кеңес билігі әншінің көзі тірісінде Париж сапарынан соң мысқалдай да болса жанашырлық жасады деп айту қиын. Осының бір мысалы: Әміре қайтыс болған сәтте республикалық газеттер жарыса жоқтау жазып жатқанда, Қазақстан Халық ағарту комиссарының 1934 жылдың 19 қараша күні берілген № 540 бұйрығы шыққаны белгілі. Онда, Әміренің есімін мәңгі есте қалдыру үшін оған Қазақ драма театры алуасынан ескерткіш мүсін орнату керектігі жазылған. Амал не, бұйрықтың осы аталған пунктін орындалмай қалды. Бұдан да сорақысы Алматыдағы Орталық зираттағы Әміре жерленген жердің қараусыз қалғаны болды. Қараусыз қалғаны былай тұрсын, қай жерге жерленгені, мүрдесі, зираты жоғалып кеткен.

1974 жылы Әміренің ұнтаспасы табылып Мәскеуден әкелгеніміз сол екен, жұртшылық оның мүрдесі қойылған жерді, зиратын іздей бастады. Сол кездегі ақсақалдардың айтуынша Әміре атамыз 1934 жылдың 8 қарашасы күні Алматы қаласыдағы Ташкент деп аталатын көшедегі орталық зиратта жерленгені белгілі болды. Іздеп барғанымызда зиратқа жауапты кезекшілер Әміре мүрдесінің қай жерде жерленгенін білмейтін болып шықты. Зират кеңсесіндегі 1934 жылы жерленгендер тізімі жазылған журналда Әміре есімі жоқ. Енді орталық зираттағы Әміре жерленген жерді іздеу міндеті басталды.

Мен Әміре атамыздың фонографқа жазып қалдырған «Балқадия», «Смет», «Дударай», «Ағашаяқ», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Бесқарагер» әндерінің ұнтаспасын 1974 жылдың 21 ақпаны күні Мәскеудегі Бүкілодақтық орталық мұрағаттың Қырғыз бөлімінен таптым. Бұл керемет олжа жөнінде «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы Сапар Байжановқа телефон соқтым. Ол қазақ журналистикасының ірі өкілі ғана емес, өнерге де құлағы түрік жүретін, реті келгенде небір әндерді тамылжыта шырқай алатын қазақ өнерінің жанашыры еді. Сапекең кідіртпестен «Әміре Қашаубаевтың дауысы» деген атпен мақаланы газеттің кезекті 12 наурыздағы санына салып-ақ жіберген екен. Бұл жаңалық менің авторлығыммен елімізге жетті. Көп кешікпей Әміренің фонографқа жазылған ұнтаспасын құйтабаққа аударылып, Әміре орындаған ән халқымыздың игілігіне айналды.

Әміре жерленген жерді, зиратын да таптық, әрине. Баба денесін, мүрдесін ақымдап жерлеген Әбілмәжін Сапаков деген ақсақал әлдеқандай бір алапаттың болатынын сезіп, жерлеген күні зират жанындағы терек ағашына бөкімен «Бұл жерге Әміре Қашаубайұлы жерленген», деп жазып кеткен екен. С.Қожамқұлов, Ж.Елебеков, С.Бегалин және мен төртеуіміз орталық зираттан төрт күн іздеп таппағанымызды бесінші күн дегенде ортамызға Әбілмәжін Сапаков араласып, әнші жерленген жерді тауып берді. Әрине,

Әміре зиратының орны тұрмақ тұқылы да жоқ. Жермен жексен тақыр жер. Тап осы жерде сүйегі жатқанға балап, осыған да қуанысып құран бағыштадық.

Дәл сол кезде Қостанайда тұратын Әміренің қызы Күләш Қашаубаеваның кеңесімен әншінің туысқандары атынан 1974 жылдың 25 қарашасы күні Дінмұхамед Қонаев ағамыздың атына Әміре қабірінің қырық жылдан бері қараусыз жатқанын жеткізіп, құлпытас орнату жөнінде үшбу хат дайындадым. Хатқа қазақ өнерінің қарлығаштары: С.Қожамқұлов, Қ.Байсейітов, Ж.Елебеков, Ә.Сапаков, жазушы С.Бегалин, қоғам қайраткерлері С.Есолов, Ә.Бектасов қол қойды. Көп кешікпей бұл жұмыстар Қазақ ССР Министрлер Кеңесіне тапсырылып, Әміре мүсінін тұрғызуға 5000 рубль бөлінді. Осы шешім негізінде 1974 жылдың 9 шілдесі күні ҚазССР Мәдениет министрлігінде Әміреге орнатылатын ескерткіш мүсінінің эскизі мен жобасы бекітілді. Ескерткіш мүсінінің авторы болып мүсінші Татьяна Андрищенко тағайындалды. Ол кісі өз шеберханасында жыл бойына еңбек етті. Нәтижесінде алты метрлік Әміре тұлғасы дайын болды. Ескерткіш 1978 жылы әншінің туғанына 90 жыл толуына орай жезден құйылып орнатылады деп жоспарланған болатын.

«Алматыдағы сол қойылмақ ескерткіш қайда? Т.В. Андрищенконың ескерткіш тұрған шеберханасы қайда? Қойылмақ Әміре мүсінінің зым-зия жоғалып кетуіне не себеп болды?» деген заңды сұрақтар күні бүгінге дейін мазалайды.

Әмірені көзі көрген досы Серке Қожамқұлов шеберханаға барып, көріп жүріп, шеберхана ішінде бой көтерген әнші ескерткішінің фотосуретін түсірткізіп алған екен. Сурет төсқалтасында жүруші еді. Бір қажеті болар деп маған берген болатын. Бой көтермек Әміре ескерткішінің кескіні әлі күнге менде сақтаулы. Соған да шүкіршілік айтамын.

1992 жылдың 5 қарашасы күні Әміре қабірінің басына құлпытас орнатылды. Құлпытасты әнші Кенжегүл Сыздықова мен оның зайыбы Дмитрий Гусинцов 60 мың рубль шығарып жеке қаржымен тұрғызды. Зираттың ашылу рәсіміне санаулы күндер қалғанда бәзбіреулер қабірді қиратып кетіпті. Бұл жөнінде «Вечерняя Алма-Ата» газетінің 1992 жылдың 29 қазан күнгі санында «Кощунство на кладбище» деген мақала жарияланды. Онда: «Ұлы әнші Әміре жерленген зираттағы қабірдің құлпытасын жермен-жексен, құл талқан етіп талқандады», – деп Алматы халқын тағы бір дүрліктірді. Қазақтың Кенжегүлдей қайсар қызы намыс-қайратына мініп, қалалық әкімшілікке барып жүріп бір апта ішінде зиратты қайтадан қалпына келтірді.

Осы әңгімелердің түбі 1925 жылы Әміренің Париж сапарында оның Мұстафамен кездескенінен басталды десек қателеспеспіз. Біріккен Бас саяси басқарма (ОГПУ) тыңшылары Әмірені үзбей қадағалауға алыпты (тіпті білдіртпей артынан күзет те қойған кездері болған), әнші өміріне үзбей қауіп төндіріп, басты трагедиясына айналдырған. Неге денесін, Әміре жайлы әңгімелердің қай қыры да ОГПУ деген үрейлі мекеменің суық хабарына тіреледі.

1933 жылы Мәскеуден арнайы келген мамандарға берілген құйтабаққа жазылатындар тізімінен Әміре есімі алынып тасталған. Отбасын асырайтын қаражаттан айырған. Жұмыстан шығарылған. Қазақ халқының әншілік дәстүрін дүниежүзіне танытқан Әміре енді киер киімге, ішер асқа жарымайтын күйге түскен. Осылайша ол аянышты күн кешіп жатқан.

1933 жылы Алматыда жаңадан ашылған Ғылыми-зерттеу кабинетінің директоры Ахмет Жұбановқа барып, Әміре: «Әлдеқандай жағдай бола қалса үйдегі қаршадай екі қызыма көз қырынды сала жүргейсің», деп айтқаны да оның қиналып жүргендегі бір сәтін дәлелдей түседі. (Ол кезде А.Жұбанов 27 жасар жас жігіт болатын).

Жалғыздықтың күйін кешіп барып қиналумен, құсалықпен күй кешкен қайран Әміре осылайша басы тасқа тиген қалпы өз-өзіне қайырылмай кетті. Шамасы ОГПУ тыңшыларынан сескенген болуы керек, қиын-қыстау кезеңдерде достары да әнші айналасына жуый қоймаған.

1925 жылы Парижден келген соң тоғыз жыл өмір сүріп, 1934 жылы дүниеден өтті. Оның адам қолынан өлгені және шындық, «Қолда бардың қадірі жоқ», дегендей ол кеткен соң артындағы ел күніреніп сала берді. Әмірені көзі көрген жазушы Николай Анов «Выдающийся певец» деген мақаласында: «Враги народа, травившие Амре, хотели похоронить славу народного певца в одной могиле с покойником», («Казни правду», 25.11.45) деп жазғаны бар. Олай болса Әміреге у беріп өлтіріп түн жамылғысында, денесін Алматы көшелерінің біріне, далаға тастап кеткен болып шығады.

Әміре атамыздың есімі оның денесімен бірге көрге кетпегені белгілі. Әлем жұртшылығын әнімен тамсандырған Әміре ән әлемінің жарық жұлдызы болып қала бермек.

Әміре Қашаубайұлы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында әуелеген әнімен адамзат баласын тандандырған, қайталанбас ұлы тенор – әнші. Қазақ музыкасындағы Әміренің алатын орны – Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Жарылғапберді, Мәди сынды замана тұлғаларының әншілік дәстүрін кеңестік кезеңге жалғастырып, жеткізіп беруінде болып табылады. Қатарлас әріптесі Елубай Өмірзақов Әмірені «самородный сары алтын» дегені бар.

Әміре XIX ғасырдан XX ғасырға аман сау жеткен шын мәніндегі асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы еді.

Естелік иесі Жарқын ШӘКӘРІМ, ("ЕҚ", 2013 жыл. Қысқартылып алынды).



Хабарландыру

«GOLDENPIT» ЖШС Ақмола облысы Целиноград ауданындағы «Мета» кен орнының эктастарын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына «Ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар ашық түрінде өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Целиноград ауданы, Софиевка а.

Учаске ортасының географиялық координаттары: 51°26'50.91»С. Е., 71°44'19.16»Ш. Б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 51°24'16.93»С. Е., 71°42'47.27»Ш. Б.

Қоғамдық тыңдау 16.07.2024 ж. сағат 10.30-де Целиноград ауданы, Софиевка а, әкімдігі ғимаратында өткізіледі. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

ҚР аумағында ТЖ және карантин режимі күшейген жағдайда тыңдаулар бейнеконференция форматында өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516. Пароль 777.

Бастамашы – «GOLDENPIT» ЖШС, БСН: 091040003647, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр а, Сарыадыр қ, 3 үй, тел.: 87015554650..

Жобаны әзірлеуші «АЛТАЙ» ЖШС (, БСН: 100540015046, Көкшетау қ,Шалқар қ, 18 үй, 15 офісі, тел.: 8(777)4212014.

Порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел: 8(777)4212014.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қ, Абая қ, 89 үй, тел.: 8(7162)401403, электрондық мекенжайы: natur@aqmola.gov.kz.

«GOLDENPIT» ЖШС Ақмола облысы Целиноград ауданындағы «Мета» кен орнының эктастарын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына жасалған ЭНЖ, ӨЭБЖ, ҚББ, ШЖ, ЖБТНЖ, бөлімдері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Целиноград ауданы, Софиевка а.

Учаске ортасының географиялық координаттары: 51°26'50.91»С. Е., 71°44'19.16»Ш. Б.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 51°24'16.93»С. Е., 71°42'47.27»Ш. Б.

Қоғамдық тыңдау 16.07.2024 ж. сағат 12.00-де Целиноград ауданы, Софиевка а, әкімдігі ғимаратында өткізіледі. Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

ҚР аумағында ТЖ және карантин режимі күшейген жағдайда тыңдаулар бейнеконференция форматында өткізіледі, қатысу үшін ZOOM Meeting Cloud қосымшасын жүктеу қажет. Конференцияны сәйкестендіру: 413 945 6516. Пароль 777.

Бастамашы – «GOLDENPIT» ЖШС, БСН: 091040003647, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр а, Сарыадыр қ, 3 үй, тел.: 87015554650..

Жобаны әзірлеуші «АЛТАЙ» ЖШС (, БСН: 100540015046, Көкшетау қ,Шалқар қ, 18 үй, 15 офісі, тел.: 8(777)4212014.

Порталға сілтеме: <https://ecoportal.kz> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr?lang=ru>

Қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде межеленіп отырған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ межеленіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: alait2030@gmail.com және тел: 8(777)4212014.

ЖАО жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Көкшетау қ, Абая қ, 89 үй, тел.: 8(7162)401403, электрондық мекенжайы: natur@aqmola.gov.kz.

Esil-Nura

**Бас редактор
Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ**

Меншік иесі:
«Перне» ЖШС
(Ақмола облысы
Целиноград
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.
«Астана Интер-Трейдинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күзегінің 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Тиражы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 113.
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



**Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2
8(716-51) 30-537**

e-mail: vestiakmola@mail.ru

Сайт: vestiakmola.kz

